

Ертіс ауданы бойынша тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Ертіс ауданының аумағындағы тұрақты тіркелген және тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғын жайретінде меншік құқығында тұрған азқамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғынүй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғынүй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғынүй қорынан берілген тұрғынжайды және жекетұрғынүй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Тұрғынүй көмегін есептеуге енгізілген азқамтылған отбасының (азаматтың) шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғынүй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын, коммуналдық қызметтермен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғынүй қорынан берілген тұрғын жайды және жеке тұрғынүй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын жайды пайдалануға арналған шығыстарды төлеу сомасы арасындағы айырма ретінде және көрсетілетін азқамтылған отбасының (азаматтың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының шекті жолберілетін деңгейі 5 (бес) пайыз мөлшерінде айқындалады.

2. Азқамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғынүй көмегін тағайындауды уәкілетті орган «Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұданәрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2-тарау. Тұрғынүй көмегін көрсетудің мөлшері

3. Азқамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғынүй көмегін тағайындау төмендегі нормаларға сәйкес жүргізіледі:

- жалғыз тұратын азаматтар үшін - тұрғынүйдің жалпы алаңынан 30 (отыз) шаршы метр, бірақ кемінде бір бөлмелі пәтер мөлшерінде немесе жатақханадан бөлме; 2 және оданда көп адамнан тұратын отбасылар үшін – тұрғынүйдің жалпы алаңынан бір адамға 18 (он сегіз) шаршы метр;

Электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін электр энергиясын тұтыну нормасын бір адамға айына - 110 (жүз он) киловатт мөлшерінде анықтау.

Электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар үшін - бір адамға айына 90 (тоқсан) киловатт.

Газ тұтыну нормасы айына бір отбасына он килограмм болып белгіленсін.

4. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлем ақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі «Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы» № 295/НҚ бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

3 - тарау. Тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне неәкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тоқсанына бір рет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (бұданәрі - Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкімет» веб-порталына мынадай құжаттар тізбесімен жүгінеді:

1) Мемлекеттік корпорацияға: жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін); отбасының табысын растайтын құжаттар (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

жұмыс орнынан анықтама не жұмыссыз тұлға ретінде тіркелгені туралы анықтама (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтерді қоспағанда);

балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент туралы мәліметтер;

банктік шот;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жергілікті атқарушы орган ұсынған жеке тұрғынүй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталына:

аз қамтылған отбасының (азаматтың) электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

отбасының табысын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі;

жұмыс орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі не жұмыссыз адам ретінде тіркелгені туралы анықтама;

балаларға және басқа да асырауындағы адамдарға алимент туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

банктік шоттың электрондық көшірмесі;

тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі;

коммуналдық қызметтерді тұтыну шотының электрондық көшірмесі;

телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шоттың электрондық көшірмесі немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

жергілікті атқарушы орган ұсынған жеке тұрғынүй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшері туралы шоттың электрондық көшірмесі.

6. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын қабылдаған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.

7. Тұрғын үй көмегі ағымдағы тоқсанда құжаттарды тапсыру уақытына қарамастан өткен тоқсанның тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге кеткен жиынтық кіріс пен шығыстар бойынша бір тоқсан мерзімге тағайындалады.

8. Аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы уәкілетті органмен Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025

жылғы 4 сәуірдегі «Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы» № 115 айқындалған тәртіпте, тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанына есептеледі.

9. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган тұрғын үйкөмегін тағайындау туралы шешім қабылданғанайдан кейінгі айдың 10-күніне дейін ай сайын тұрғынүй көмегін алушылардың жекешоттарына есептелген сомаларды аудару жолымен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

10. Отбасы тұрғынүй көмегін заңсыз тағайындауға әкеп соққан көрінеу жалған ақпаратты және (немесе) дәйексіз құжаттарды ұсынған кезде өтінішберушіге және оның отбасына тұрғынүй көмегін төлеу оны тағайындаудың бүкіл кезеңіне тоқтатылады.

11. Мемлекеттік қызметте көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.